



## Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 11-1-4/136 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 сәуірде № 27388 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық құқық департаменті заңнамада көрсетілген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрі

М. Тілеуберді

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрінің  
2022 жылғы 31 наурыздағы  
№ 11-1-4/136  
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидасы

## 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" (бұдан әрі - халықаралық шарттар) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекетпен (және) немесе халықаралық ұйыммен (ұйымдармен) жасасқан халықаралық шарттарды тіркеу, есепке алу және сақтау тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының (бұдан әрі – орталық органдар) атынан жасалған халықаралық шарттар тіркеуге, есепке алуға және сақтауға жатады.

3. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізілімі – халықаралық шарттардың түпнұсқалары мен депозитарий ресми куәландырған көшірмелерін, олардың деректемелерін және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі айқындайтын олар туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы басқа да мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеудің , есепке алудың және сақтаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі.

4. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеудің, есепке алудың және сақтаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жүргізеді. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізілімін жүргізу халықаралық шарттарды басқарудың электрондық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) жүзеге асырылады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 16.04.2025 № 11-1-4/228 (01.06.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 2 тарау. Халықаралық шарттарды тіркеу

5. Орталық орган Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан халықаралық шарт жасасқан күннен бастап екі апта мерзімде оның түпнұсқасын уәкілетті органға жолдайды.

6. Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жасалған халықаралық шарттың түпнұсқасын немесе оның ресми куәландырылған көшірмесін дипломатиялық арналар арқылы алған кезде уәкілетті орган тиісті халықаралық шартты тіркеуді дербес жүзеге асырады.

7. Халықаралық шарт орталық органның атынан жасалған жағдайда халықаралық шарт жасалған күннен бастап екі апта мерзімде орталық орган куәландырған тиісті халықаралық шарттың көшірмесі уәкілетті органға жолданады.

Орталық орган депозитарийден (халықаралық ұйымнан немесе шет мемлекеттен) халықаралық шарттың ресми куәландырылған көшірмесін алған жағдайда, оны алған сәттен бастап екі апта мерзімде уәкілетті органға жібереді.

8. Уәкілетті органға халықаралық шарттың түпнұсқасымен немесе депозитарий ресми куәландырған көшірмесімен бір уақытта Жүйе арқылы анықтама жолданады. Анықтама осы Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделеді және оған орталық органның бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 16.04.2025 № 11-1-4/228 (01.06.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Халықаралық шарттың түпнұсқасы немесе ресми куәландырылған көшірмесі, сондай-ақ оған қоса берілетін анықтама келіп түскен кезде уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде халықаралық шарттың және оның жасалу тәртібінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 2-бабының 1-тармағына және 8-10-баптарына сәйкестігін анықтайды.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 16.04.2025 № 11-1-4/228 (01.06.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Заңның 2, 8-10-баптарына сәйкестігі анықталған жағдайда уәкілетті орган халықаралық шартты Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізіліміне енгізеді. Заңның белгіленген талаптарына сәйкес келмейтін халықаралық шарт он бес жұмыс күнінің ішінде қайтарудың себептерін дәлелді негіздеумен және тіркеу үшін қажетті іс-әрекеттерді ұсына отырып орталық органға қайтарылады.

11. Халықаралық шарттарды тіркеу кезінде халықаралық шарттарды тіркеу журналында жазба жасалады.

Журнал тігіледі, нөмірленеді, жауапты адам қол қояды және уәкілетті органның мөрімен бекітіледі. Журнал беттерін нөмірлеу өн бойына жүргізіледі. Қарындашпен жазуға, түзетуге, өшіруге, түзетуге жол берілмейді.

12. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізіліміне енгізілгеннен кейін уәкілетті орган ресми куәландырған халықаралық шарттың көшірмесі көрсетілген халықаралық шарттың күшіне енуі бойынша мемлекетішілік рәсімдерді орындау үшін, ал оларды орындау қажет болмаған кезде - осы халықаралық шарттан туындайтын Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау және құқықтарын жүзеге асыру бойынша одан арғы шараларды қамтамасыз ету үшін орталық органға жолданады.

### **3 тарау. Халықаралық шарттарды есепке алу**

13. Халықаралық шарттарды есепке алу оны өзекті күйде ұстау мақсатында Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді білдіреді.

14. Көрсетілген Тізілімге енгізілген халықаралық шарттар өзгертілген, қолданылуы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізу жүзеге асырылады.

15. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді уәкілетті орган дипломатиялық арналар арқылы келіп түскен өтініштің негізінде немесе орталық орган басшысының қолы қойылған өтініш негізінде жүзеге асырады.

16. Көрсетілген Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде тиісті халықаралық шарттың жанына осы халықаралық шартты өзгертуге, қолданылуын тоқтатуға немесе тоқтата тұруға негіз болған тиісті нормативтік құқықтық актіге сілтемемен актінің күні мен нөмірін көрсетіп, жазба енгізіледі.

17. Орталық органның Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініші осы Ереженің 5 және 7-тармақтарында көзделген тәртіппен уәкілетті органға жіберіледі.

18. Халықаралық шарттардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді нақтылау қажет болған кезде орталық орган уәкілетті органға тиісті сауалдар жібереді. Алынған сауалдардың негізінде уәкілетті орган көп жақты халықаралық шарттардың депозитарийі функциясын орындайтын шет мемлекеттердің мүдделі органдарынан, халықаралық ұйымдардан қажетті мәліметтерді сұратады.

19. Орталық орган таратылған, қайта ұйымдастырылған немесе қайта құрылған жағдайда уәкілетті орган қарауына тиісті өкілеттіктер берілген орталық органды хабардар ету негізінде Халықаралық шарттардың мемлекеттік тізіліміне қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

#### **4 тарау. Халықаралық шарттарды сақтау**

20. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген халықаралық шарттардың түпнұсқалары және көпжақты халықаралық шарттардың депозитарийлері ресми куәландырған көшірмелері Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мұрағатында сақталады.

21. Орталық органдардың атынан жасалған халықаралық шарттардың түпнұсқалары орталық органдардың мұрағаттарында сақталады.

Қазақстан Республикасы  
халықаралық шарттарының  
мемлекеттік тізілімін  
жүргізу қағидасына  
қосымша

#### **Қазақстан Республикасының халықаралық шартына анықтама**

--	--	--

Р/с №	Мәліметтер тізбесі	Әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараты
1.	Жасалған халықаралық шарттың атауы	
2.	Халықаралық шарттың жасалу күні	
3.	Халықаралық шарттың жасалу орны	
4.	Қазақстан Республикасының халықаралық шартына қол қойған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы	
5.	Халықаралық шартқа шет мемлекет (халықаралық ұйым) атынан қол қойған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы	
6.	Қазақстан Республикасының халықаралық шарт мәтінін қабылдау, қол қою, сондай-ақ осы іс-әрекеттерді жасауға өкілеттілік беру туралы нормативтік құқықтық акт деректемелері	
7.	Халықаралық шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауға жауапты Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органының атауы	

Мемлекеттік органның бірінші басшысы \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_ қолдың толық жазылуы \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_